

ӘОЖ 378.147:004.853

**ШЕТ ТІЛІН ОҚЫМАЙТЫН МАМАНДЫҚТАРДЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ
АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ**

Ақбаба Нүрия

Nana_kerei@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультетінің 1- курс магистранты,
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - С.С. Нуркеева

Әлемдік ғылымның дамуына ілесу үшін, бәсекелестікке қабілетті болу үшін, қазақтың жастарына, болашақ мамандарына ағылшын тілін жетік білу міндеті жүктеліп отыр. Әлемдегі алпауыт мемлекеттердің тәжірибесін толықтай пайдалану үшін, сол елдің тілін меңгеру маңызды. Ағылшын тілін жақсы білу арқылы, гуманитардық мамандықта оқымайтын студенттер өзге елдің жаңа технологияларын елімізге әкеліп, экономика саласын дамытуға үлес қоса алады.

Тұңғыш елбасының: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деген сөзі әрбір ұстазға үлкен міндет жүктейді. Бүгінгі таңда тілді үйрететін мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Әрбір мамандыққа сай тіл үйретудің тәсілдерін қолдану міндетті болып табылады.

Ағылшын тілі — әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым- қатынасты атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Негізгі орта білім деңгейіне арналған шетел тілі курсы жалпы орта білім деңгейінде оқыту дайындығына бағытталған, яғни ол шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық А1 деңгейіне сәйкестірілген.

Шетел тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері — философия, психология, лингвистика, педагогикалық еңбектер, әдістемелік еңбектер, озат педагогтардың іс-тәжірибелері.

Зерттеу әдістері ретінде бақылау, мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін зерттеу, талдау мен қорыту, сөйлеу тілін дамыту, оқушылардың ауызша жауаптары мен жазба жұмыстарын талдау әдістері пайдаланылды.

Кейінгі кезде мультимедиалық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы шетел тілін тиімді оқыту үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Мультимедиалық технологиялар мәтіндік құжаттарға, графикалық суреттер, дыбыс және бейне- көріністерін пайдалануға мүмкіндік береді [1,11 б].

Қазіргі кезде заман талабына сай ақпараттық технологияны қолдану кең көлемде өріс алып жатыр. Ақпараттық коммуникациялық технологияны білім беру жүйесінде кешенді түрде пайдалану-оның дамуының негізгі шарты болып табылады. Ақпараттық технология дегеніміз – білім беру үрдісінде ақпараттарды даярлап, оны студенттерге тарату процесі. Қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиынтығы. Коммуникация – ақпаратты тасымалдап, жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып, жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты болып табылады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға

көмектеседі.[2, 68 б]

Электронды сөзіктердің тиімділігіне келетін болсақ, гуманитарлық емес сала студенттері жаңа технологияларға бейім келеді. Осы мүмкіндікті пайдаланып электронды сөздіктерді оқытуда тиімді пайдалануға болады. өздіктің адам өміріне қажеттілігі арнайы дәлелдеуді қажет етпейді. Уақыт алға жылжыған сайын сөздіктердің форматы әр ғасырда әртүрлі болып дамып келеді. XVIII ғ. шыққан сөздіктер дәптерлер мен парақшаларға

жазылса, XIX ғ. сөздіктері шағын кітапшалар ретінде, XX ғ. сөздіктер том-том қалың көлемдегі кітап түрінде берілді, ал қазіргі ақпараттық XXI ғасыр электрондық онлайн, офлайн сөздік түрінде жасалуымен дараланады. Ғаламтор кеңістігінің кең жайылуы сөздіктердің жаңа түрлерінің пайда болуына әсер етіп, тіларалық, мәдениетаралық байланыстар өріс алып, күшейе түсті. Бұл өз кезегінде лексикография мәселелеріне деген қызығушылықты арттырды. Ағылшын тілін үйретіу барысында да өз үлесін қосып келеді.

Электрондық сөздіктің құрылымы көптеген сұраныстарды қанағаттандыруы қажет, себебі сөздіктің бұл түрі компьютер қолданушыға ғана арналады. Мәселені тиімді шешу үшін екі ғылым саласы: бай тәжірибесі бар лексикография саласы мен ғылымның жаңа саласы ақпараттық лингвистиканың түйіскен жерінде қарастыру қажет. Бүгінгі күні ғаламтор жүйесі дамып, ақпараттар электрондық түрде сақталып, көптеген электрондық сөздіктер жасалынып жатса да электрондық сөздіктерді кешенді түрде зерттейтін лингвистикалық талдау жоқтың қасы. Осыған орай электрондық ресурстарды білім алудың жаңа форматы ретінде қарастырып, электрондық лексикографиялық құралдардағы сөз мағынасының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін берудің жаңа жолдарын табу қарастырылады. Қазақ тілінің электрондық лексикографиялық ресурстары негізінен екітілдік, үштілдік аударма сөздіктерден және энциклопедиялық сөздік пен электрондық сөздік бағдарламаларынан тұрады. Бұлар электрондық сөздіктердің алғашқы бастамасы болғандықтан кемшілік, қателіктерден ада емес. Қазақ тілінің өркен жаюы үшін олардың сапасын арттыру мақсатында қолдау жасау қажеттігі туындайды. Бұл салада бағдарламалық қамтамасыз етумен айналысатын бағдарлама жасаушылар, web-мастерлер, дизайнерлер мен электронды сөздікті жасауға қатысқан редактор, тілшілердің басқа да мамандардың еңбектері[4,156] Қағаз сөздік жарыққа шыққан сәттен бастап ол ескіре бастайды. Себебі қоғам мен тілдің дамуына сәйкес тілге күн сайын жаңа сөздер туындап жатады. Мәселен, ағылшын тіліне күніне жаңадан үш сөз қосылады екен. Ал қағаз сөздіктің қолжазбасы дайындалып біткеннен кейін оның жарыққа шығуына 6-8 ай уақыт жұмсалады. Шамамен 500-720 жаңа сөз жаңадан шыққан сөздікке енбей қалды деген сөз. Сол себепті болашақта ағылшын тілінің Оксфорд сөздігін қағаз сөздік түрінде шығармай, электрондық сөздік түрінде шығаруды мақсат етіп отыр. Ендігі жерде қағаз сөздіктер кітапханалар мен мұражайларда сақталады деп орамалдап отыр.

Қағаз сөздіктер өз дәуірінде өркениеттің дамуына айтарлықтай үлес қосқаны белгілі. Дегенмен, адам зияткерлігі мен техника дамыған сайын сөздіктің жаңа форматына да сұраныс туып отыр. Бүгінгі күн көзқарасымен қарасақ, қағаз сөздіктерді пайдаланғанда төмендегідей кемшілік жақтары бар: сөз мағынасын іздеуге көп уақыт кетеді, көлемі жағынан шектеулі, кейін сөздікке өзгеріс енгізіп, өңдеп, жаңарта алмаушылық, жаңа сөздерді дер кезінде енгізе алмаушылық, қашықтық жағдайында тез ақпарат алмасу мүмкіндігінің Ал ғаламтор желісінде электрондық сөздіктерді пайдалану ақпарат алмасу қашықтығын жояды, қабылдайтын ақпарат көлемі бірнеше мәрте артады, деректерді мол көлемде сақтай алады, көшіру, өңдеу, жаңарту мүмкіндіктері бар сөздер дыбысталады, қажет деген ақпаратпен толыққанды танысу барынша тез жүзеге асады, тіл тұтынушының сөздік жасауға қатыса алады, тіл үйренушілер осы сөздіктердің көмегіне арқа сүйеп, тілді тез үйреніп, меңгере алады, жаңа сөздер сол уақытта енеді. Бір сөзбен айтқанда, электрондық сөздіктің ақпараттық әлеуеті зор, электрондық сөздік – әртүрлі себептермен қағаз сөздіктерге енбей қалған көптеген мәліметтер ене алатын ерекше лексикографиялық нысан болып табылады. Егер бұрынғы қағаз сөздіктерде сөздікті жасаушы және оны тұтынушы болса, қазіргі электрондық сөздіктерді тұтынушы әрі тұтынушы, әрі жасаушы ролінде көрінеді. Яғни тұтынушы жасаушы деңгейіне көтеріліп (тұтынушы = жасаушы), авторлық түсініктеме беріледі.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Компьютерлік лингвистика» мен «Корпустық лингвистика» салалары бойынша «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты ұлттық компьютерлік қоры» атты тақырыптағы зерттеу жұмысы профессор .Қ.Жұбановтың басшылығымен қолға

алынды.

Мағлұмат алатын, жалпы танымдық-ақпараттық мақсаттағы әмбебап сөздік пен қазақ тілін үйрететін және мәтіндерді орысшадан қазақшаға аударатын бағдарламалар бар. Олар мыналар:

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған 500 мыңға жуық сөздік мақалаларды қамтыған «Сөз Көмек 4.0» сөздігі. Осы аталмыш сөздіктерді қолдана отырып, мамандыққа сәйкес техникалық терминдер арқылы сөздік жасауға болады.[5,35 б] Бұл сөздіктердің ішінде сөз саны мен аудармасының сапасы, техникалық жағынан жақсы жабдықталған онлайн сөздік ретінде сөздік.кз мен Эббии лингво сайттарын ерекше атап өтуге болады. Ағылшын сөздеріне байланысты суреттер арқылы жасалған, өз мамандықтарына сәйкес сөздіктер жасау маңызды болып тұр. Мамандықтың тілін меңгертуге арналған арнайы сөздіктер жоқтың қасы деуге негіз бар. Заман сұранысы мен техника дамуына сай туындаған онлайн сөздіктердің қажеттілігі дау тудырмайды, дегенмен, кейбір сайттардағы аудармалардың сапасыздығы немесе сөздердің қате аударылуы, сөздің ауыспалы мағынасының толық ашылмауы сияқты лингвистикалық себептердің толық шешілмеуінен туындайтын мәселелер көп. Электрондық және қағаз сөздіктерін лексикографиялық жүйе ретінде қарастыру қажет. Ғаламтор арқылы жаңа ғылыми және лексикографиялық коммуникацияға, парадигмаға жол ашылып, қазіргі лексикография қарыштап даму үстінде, соған сай қазақ тілінің сөздіктеріне жаңаша бір даму серпін беріп, өз кезегінде қазақ лексикографиясының теориясы мен тәжірибесінің алдына жаңа міндеттер мен мақсаттар қойып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмаева Э.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. —Қызылорда: Санат, 2012. — 20–24-б.
2. Бақытов А., Жұманова Р. Шетел тілін үйренуде тілдескіш оқу құралдарының тиімділігі // Мектептегі шет тілі. — 2011. — № 4. — 23–25-б.
3. Г. Исаева, Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары.
4. Кенжеева Г.Қ. Оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманауи технологияларын оқыту үрдісіне енгізу негізінде педагогикалық ұжымының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру // Мектептегі шет тілі = Иностраннй язык в школе. — — № 4.
5. Касимова Р.Н. Шет тілін оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану ерекшелігі. — Астана, — 16, 17-б.